





# **Компьютерлік оқыту технологиясы**

**Дайындаған: Абдиалимова Н.А.  
Оқу тобы : ҚТӘ-14**

**Компьютерлік оқыту технологиясы - жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және қызмет барысындағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, қазақ тілін үйретуде алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген тілдік материалды жедел әрі сапалы меңгертуге бағытталады.**



Компьютердің білім беру үдерісінде кеңінен қолданыла бастауына байланысты «Оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы», «ақпараттық технология» деген терминдер пайда болды. Жалпы сабақ барысында компьютерлік технологияны қолданудың ерекшеліктерін қарастыру үшін, алдымен оның негізгі міндеттерін анықтап алған жөн. Ол үшін:

- 1. Жаңа ақпараттық оқыту технологиялары ұғымын айқындау қажет;**
- 2. Ақпараттық технологияларды білім беруде қолдану және оны енгізу ұстанымдарын нақтылау қажет;**
- 3. Сабақта ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау қажет.**

Ақпараттық технология мәселесін зерттеп жүрген В.М. Монахов, А.А.Кузнецов, В.В.Папов, В.Гузеев сияқты көптеген ғалымдардың тұжырымдарын талдай келе, Н. В.Апатов ақпараттық технологияның төмендегі түрлерін көрсетеді:

- 1. Компьютерлік оқыту жүйелері (оқыту машиналары, бағдарламалы оқыту)**
- 2. Оқыту құралдары (ЛОГО, гипермәтін, мультимедиа, микромир)**
- 3. Инструменталді жүйелер (мәліметтер базасы, бағдарламалау, авторлық жүйелер, топтық оқыту құралдары)**


**Көріп отырғанымыздай, жаңа ақпараттық технологиялар – техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етілген компьютерлер.**

**Компьютерлік технология оқытушылардың оқыту әдістері мен оқу үдерісін ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқу үдерісін үнемі жаңартып отыруға, оқытушылар мен үйренушілерге өзіндік және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеулеріне мүмкіндік береді.**


**Компьютерлік технология ХХ ғасырдың соңында, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы кезеңінде кең өріс ала бастады. В.М.Глушковтың пайымдауынша, компьютерлік технология кешенді ғылым жүйелерінен және арнайы пәндерден тұрады. Шығармашылықты, жобалауды, ойлап табуды, баға беруді іске асырады.**

**Компьютерлік оқыту технологиясы – жаңа ақпараттар мен мәліметтер кешенін компьютер арқылы дайындап, үйренушіге жеткізу.**

Ғалым Н.Е.Исабек компьютерлік технологияның қолданылу аясы мен дегейіне қарай компьютерлік технологияның даму бағыттарын көрсетеді.



# Компьютерлік технологияның қолданылуы



# Компьютерлік технологияның бағыттары

Компьютерлік технология бағыттарын көрсете келе, компьютерлік технологияны былайша топтастырады.

1. Көркем компьютерлік технология.
2. Инженерлік-компьютерлік технология.
3. Иллюстративті-компьютерлік технология.
4. Іс-құжаттық компьютерлік технология.
5. Когнитивті-компьютерлік технология.







Білім беруде компьютерлік технологияны қолданудың төмендегі артықшылықтарын көрсетуге болады.

1. Даралап оқытуға қол жеткізіледі.
2. Білім алушылардың өзіндік жұмыс істеулерін қарқындатуға жол ашылады.
3. Сабақта бірнеше тапсырмалар жүйесін орындауға мүмкіндік туады.
4. Ғаламтор арқылы және арнайы дискілер қолдану арқылы әртүрлі ақпараттар алуға мүмкіндік туады.
5. Электронды оқулықтың мультимедиалық жүйесі арқылы бағдарламаны дыбыспен қамтамасыз етуге, мәтінді диктордан кейін қайталауға, кез келген видеофрагмент көруге мүмкіндік туады.
6. Білім алушылардың танымдық белсенділігі артады. Әртүрлі үлгіде ұйымдастырылған жұмыс түрлері оқушылардың көңіл-күйлерін көтеріп, жұмыс істеу қабілеттері артады.
7. Білім алушылардың білім деңгейі мен қабілеттерін дұрыс бағалауға жол ашылады.
8. Сабақта компьютерлік тесті пайдалану арқылы қысқа мерзімде үйренушінің білім деңгейін анықтап, дер кезінде тиісті көмек көрсету мүмкіндігі болады.
9. Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік туады.

Бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық  
технологияларды қолдану тиімділігі

Оқытуды  
н дамыту-  
шылық  
ахуалын  
артты-  
руы

Кіріктіріл  
ген  
оқытуды  
сапалы  
деңгейде  
жүзеге  
асыруы

Бастауыш  
мектептің  
базалық  
курсы  
пәндерінің  
оқытылу  
сапасын  
арттыруы

Оқыту  
іс-  
әрекеті-  
нің жаңа  
құралын  
менгер-  
туі

Ақпаратты  
қ қоғамда  
өз бетімен  
білім алып,  
өзін-өзі  
жүзеге  
асыруға  
бейімдеуі

Қазақ тілін меңгертуде компьютер тек қосымша тиімді құрал ретінде қызмет атқарады. Себебі тілді меңгерту тіке қарым-қатынас арқылы іске асырылатын үрдіс. Тіке байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Қатысымның өзі адамдардың біріккен әрекетінің бір қыры, яғни адамдардың үйренетін тіл арқылы өзара бірігіп әрекет жасауы болып табылады. Қатысымдық әдіс – ақпарат алмасу үрдісі, тіл үйренушілердің алға қойған мақсатқа жетуіне бағытталған белсенді тілдік қатынас үрдісі. Белсенді тілдік қатынастың өзі – тіке байланыс арқылы жүзеге асады. Тіке байланыс арқылы тіл үйренушілер бір-біріне өз ойларын жеткізеді, өз көзқарастарын білдіреді. Бір-бірінен алған мәліметтерді, ақпараттарды қабылдайды. Сол арқылы жаңа хабарлар мен ұғымдарды меңгереді, ой қорытындылайды. Ал компьютерлік технологияны тақырыпты бекіту, қайталау, білім, білік, дағдыны тексеру кезеңдерінде қолдану тиімдірек болады.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.
2. Қараев Ж.А. Педагогическая технология обучения Караева. – Алматы, 1988.
3. Исабек Е.Н. Студенттерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудың теориялық және практикалық негіздері. Автореферат. - Алматы, 2005.
4. Ғаламтор желісі: 1.  
[zkoipk.kz/ru/b5/252-article.htm/](http://zkoipk.kz/ru/b5/252-article.htm/);  
2.[www.rusnauka.com/8\\_NMIW\\_2012/.../5\\_104004.doc.htm](http://www.rusnauka.com/8_NMIW_2012/.../5_104004.doc.htm)